



АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» АҚ-ТЫҢ МЕНЕДЖМЕНТТІҢ ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН ЖҮЙЕСІ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ

«Астана медицина университеті» АҚ Қазақстанның білім беретін, ғылыми және медициналық ірі орталығы ретінде денсаулық сақтау саласының интеллектуалдық және кадрлық әлеуетін дамытуға, сонымен қатар еліміздің солтүстік өңірі

тұрғындарының және жалпы халықтың денсаулығын жақсарту ісіне айтарлықтай үлес қосады.

Университетіміздің басты мақсаттары мен міндеттері:

- еңбек нарығында сұранысқа ие білікті мамандарды, ғылыми қызметкерлер мен педагог кадрларды мемлекет пен қоғамның қазіргі және перспективалық талаптарына сәйкес даярлау;
- жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі, қосымша медициналық және фармацевтикалық білім бере отырып, таңдаған қызмет аясында біліктілікті арттыру және үздіксіз кәсіптік жетілдіру арқылы тұлғаның интеллектуалдық, мәдени және рухани даму қажеттілігін қанағаттандыру;
- денсаулық сақтау саласында ғылыми әлеуетті дамыту;
- ұйымды үнемі дамытып жетілдіру үшін, ұйымның және персоналдың экономикалық әлауқатын жақсарту үшін ішкі әлеуетті (жиналған кәсіптік білім мен жұмыс тәжірибесі), сонымен қатар менеджменттің интеграцияланған жүйесі саласындағы білімді барынша молынан қолданатын экономикалық, технологиялық, ұйымдастыру жағынан тиімді етіп құру.
- туындайтын қауіп-қатерлерді төмендетіп, стратегиялық мақсаттарға жетудің мүмкіндіктерін арттыру, университеттің беделін және оның одан әрі дамуын қамтамасыз ету.
- басқару сапасын жоғарылату және Университетті басқару мәдениетін жағымды өзгерту;

Университеттің стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру принциптері және бағыттары:

1. Тұтынушылар мен басқа да мүдделі тараптардың жұмыс сапасына қанағаттану дәрежесін арттыру:

- заңнамаға және өзге де нормативтік құжаттарға сәйкес, тұтынушылар мен мүдделі тараптардың талаптарына, күтетін нәтижелеріне сай білім беру қызметі мен өзге де қызметтерді жоғары деңгейде көрсету, ұйымның кәсіби шеберлігін қамтамасыз ету;
- тұлғаны творчестволық жағынан дамытуға, оның азаматтық сана-сезімі, жауапкершілігін, өмір бойы үздіксіз оқып-үйренуге құлшынысын оятуға бағытталған академиялық ортаны құру және дамыту;
- студенттердің әлеуметтік ортаға бейімделуіне және студенттік өмірдің кризистік кезеңдерінен қиналмай өтуге жәрдемдесетін жайлы психологиялық ортаны құру;
- тұтынушылардың, жұмыс берушілердің және басқа да мүдделі тараптардың талаптарын, күтетін нәтижелерін, сыртқы өзгерістерді, ішкі тенденцияларды зерделеу негізінде білім беру қызметі мен өзге де қызметтерді үнемі жетілдіріп отыру;
- басқа жоғары оқу орындарымен, медицина, денсаулық сақтау, қоршаған ортаны қорғау саласындағы серіктес ұйымдармен, ғылыми орталықтармен серіктестікті және тәжірибе алмасу жұмысын, оның ішінде халықаралық ынтымақтастықты да дамыту, миссияны, болжамды, стратегиялық мақсаттарды жүзеге асыру үшін, тұтынушылар мен өзге де мүдделі тараптар үшін құндылықтарды құрып, үнемі арттыру үшін серіктестермен ортақ жобаларды бірлесіп жүзеге асыру;
- өз қызметінде қоғам өміріне және қоршаған ортаға жайсыз ықпал ететін кез келген кемшілікті жойып, нәтижелі түрде басқара білу.

2. Университеттің тиімді жұмысына қызметкерлерді тарту:

- университет персоналын қамқорлыққа алу және әрбір қызметкерді сыйлау, құрметтеу;
- персоналдың біліктілігін және кәсіптік санатының деңгейін үнемі арттыру, стратегиялық мақсаттарға жетуге, Миссияны, Болжауды, менеджменттің интеграцияланған жүйесі саласындағы Саясат пен мақсаттарды жүзеге асыруға қажетті машықтары мен біліктілігін дамыту;



- персоналдың дамуына, оның шығармашылық әлеуеті мен ынталарын танытуға мүмкіндік беретін қауіпсіз, жайлы еңбек жағдайын жасау және әлеуметтік-психологиялық климатты құру;
- университеттің барлық қызмет түрі бойынша персоналдың инновация саласындағы бастамаларын көтермелеу, әділетті түрде, тең мүмкіндік бере отырып, қызметкерлердің қабілеттерін көрсетуге жағдай жасау;
- командада жұмыс істей алатын, жоғары білікті іскерлер ұжымын құру;
- барлық қызметкерлердің қоршаған ортаны қорғау, энергияны үнемдеу, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жұмыстарына белсенді қатысуға жүйелі түрде тарту, сонымен қатар аталған салалар бойынша қызметкерлерді оқыту және біліктілігін арттыру.

3. Университеттің дамуын қамтамасыз ету:

- қазіргі ақпараттық-коммуникациялық және инновациялық білім беру технологияларын енгізу;
- біліктілігі жоғары ғылыми кадрларды даярлау үшін ғылыми зерттеулерді, инновациялық қызметтерді дамыту;
- ғылым, медициналық білім беру және клиникалық практика саласында ынтымақтастықты дамыту және нығайту, халықаралық білімі және ғылыми қоғамдастықтарға интеграциялану;
- менеджменттің интеграцияланған жүйесінің тиімділігі мен нәтижелілігін әрдайым арттыру, оны жетілдіру процестеріне барлық персоналды қатыстыру;
- тұтынушылармен, жұмыс берушілермен, серіктестермен, жабдықтаушылармен сенімді қарым-қатынастарды дамыту және сапаны басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі ортақ жоспарларды құру, тұтынушылар алдында жұмыс сапасы үшін өз жауапкершілігін жете түсіну;
- әдістемелік, материалдық-техникалық және ақпараттық базаларды үнемі жетілдіру;
- Университет көрсететін қызмет сапасының және қызметті ұсыну процестері сапасының қол жеткізген деңгейін жүйелі түрде талдау, жетілдіруді қажет ететін тұстарды анықтау мақсатында EFQM кемелдік моделіне сәйкес өзін-өзі бағалауды жүйелі түрде өткізу.

4. Жобаларды басқаруды қамтамасыз ету:

- Университеттегі көрсеткіштерді анықтау және процестерді реттеу үшін жүзеге асырылатын түрлі жобаларды басқаруды қамтамасыз ету;
- Университеттегі жобалардың сапасын басқару жүйесін әзірлеуде тиімді жобалық басқару;
- жүзеге асырылуы сапа үшін маңызды және жобаларды басқару кезінде оның жетістіктеріне әсер ететін сапа жүйесінің элементтері бойынша басқарушы принциптерді, тұжырымдамалар мен практикалық процедураларды анықтау;
- тиісті ұйымдық құрылымның шеңберінде сапаға қатысты оңтайлы ортаны құру. Жоба өнімдері мен процестер сапасына қол жеткізуге барлық персоналды тарту;
- жобаларды қалыптастырудың әдістері мен тәсілдерін үнемі жетілдіру және іс-әрекет спектрін кеңейту, нәтижелілікті арттыру;
- процесс сапасын жақсарту жолдарын үздіксіз зерттеу және жинақталған тәжірибені игеру арқылы жоба жұмыстарын орындау;
- оңтайлы процесті жобалау тиімділігіне және соңғы нәтижені емес, осы процесті бақылау принципіне баса назар аударып болашақ жобаларды үздіксіз жақсарту;
- басшылық тарапынан талдау жүргізу шеңберінде жобаларды басқару жүйесінің тиімділігін бақылау.

5. Ақпараттық ресурстарды қорғауды қамтамасыз ету:

- қауіпті бағдарламалардан қорғайтын, ақпараттың жоғалмауын, жабдықтың бұзылмауын қамтамасыз ететін сенімді ақпараттық жүйені құру;
- Университеттің ақпараттық базасының әдістемелік, материалдық-техникалық аспектілерін үнемі жетілдіру;
- ақпараттық қауіпсіздік саласында кез келген қауіп-қатерді және туындауы мүмкін инциденттерді жою, қауіп-қатердің алдын алу жұмысын басқару;



- Университеттің ақпараттық активтерінің құпиялылығын, тұтастығын үнемі қамтамасыз ету, қызметкерлер үшін қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- ақпараттық қауіпсіздікті Университеттің корпоративтік мәдениетінің бір бөлігі ретінде мойындау.

6. Корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің дамуын қамтамасыз ету:

- Қоғамның тұрақты болашағы үшін жауапкершілікті сезіну және тұрақты түрде дамыту жөніндегі шешімді қабылдау кезінде әлеуметтік, экономикалық және экологиялық факторларды есепке ала отырып, жауапкершілікті басшылық арқылы бөлу;
- Сапа, қоршаған ортаны қорғау, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау салаларына корпоративтік мәдениетті енгізу;
- Университеттің өмір сапасын арттыруға бағытталған қызметінен қоғамның күтетін нәтижелерінің кең спектрін қамту;
- Жас ұрпақты патриотизмге, азаматтыққа, интернационализмге тәрбиелеуге, олардың бойына жоғары адамгершілік қасиеттерді сіңіруге барынша ықпал ету;
- корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің принциптерін Университеттің корпоративтік мәдениетінің ажырамас құрамдас бөлігі ретінде мойындау, мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынаста осы принциптерді басшылыққа алу;
- Адам құқықтарының маңыздылығын және жалпыға бірдей екенін мойындау, өз қызметінде оларды бұзуға жол бермеу;
- Университет қызметінде қолданылатын барлық заңдар мен нормативтік актілерді мүлтіксіз сақтау;
- Тұтынушылармен, қызметкерлермен, акционерлермен, серіктестермен адал, айқын, ашық қарым-қатынасты орнату;
- Барлық мүдделі тараптарға өз қызметі туралы, фактілерге негізделген, объективті, анық ақпаратты уақытында беру.

7.Рисктерді басқаруды қамтамасыз ету:

- қызметтің барлық негізгі салалары мен университетті басқарудың барлық деңгейі бойынша тәуекелдің барлық түрлерін басқару;
- құрылымдық бөлімшелерге, әр қызметкерге құзыреттілігі, білімі және қолда бар ақпарат шеңберінде тәуекелдерді басқару процесіндегі міндеттерін түсіндіру;
- тәуекелдерді басқару үрдісіне мүдделі тараптарды тиісті деңгейде және дер кезінде тарту, тәуекелдің тиімділік критерийлерін анықтау кезінде олардың көзқарастары мен қызығушылығын есепке алу;
- университеттің басқа да менеджмент жүйелері мен аспектілерінің дамуымен қатар тәуекел менеджментін дамыту үшін стратегияларды дамыту және енгізу.

8. Университеттің өндірістік қызметінен түскен қалдықтарды жәнеэкологиялық рисктерін басқаруды қамтамасыз ету:

- экологиялық менеджментті жақсарту және өзекті қалпындау, әзірлеу және енгізу үшін қажетті ресурстарды қамтамасыз ету;
- міндеттерді белгілеу, жауапкершіліктермен міндеттіліктерді бөлу, сонымен қатар экологиялық менеджмент жүйесі нәтижелі жұмыс жасау үшін өкілеттік беру;
- экологиялық аспектілердің бағасын уақтылы анықтау, маңызды аспектілердің төмендеуі және басқару бойынша іс-шараларды әзірлеу және орындау, сонымен қатар экологиялық менеджмент жүйесінің барлық мүдделі қатысушыларын маңызды экологиялық аспектілер туралы ақпаратпен толық және уақтылы қамтамасыз ету;
- басшылық тарапынан талдау өткізу шеңберінде экологиялық менеджмент жүйесінің тиімділігін бақылау.

9. Кәсіптік қауіпсіздік және денсаулық рисктердің басқаруды қамтамасыз ету:



- кәсіптік қауіпсіздік және денсаулық менеджменті жүйесін әзірлеу, жақсарту және өзекті жағдайда ұстау үшін қажетті ресурстарды қамтамасыз ету;
- міндеттерді белгілеу, жауапкершіліктер мен міндеттерді бөлу, сонымен қатар кәсіптік қауіпсіздік және денсаулық менеджменті жүйесінің нәтижелі жұмыс жасауына мүмкіндік беру үшін өкілеттікті табыстау;
- әкімшілік және өндірістік қызметтен бастап кәсіптік рисктерді басқару саласында құрылымдық бөлімшелер арасында өкілеттіктерді бөлу;
- кәсіптік рисктерді уақтылы анықтау, бағалау, кәсіптік рисктерді төмендету және басқару бойынша іс-шараларды әзірлеу және орындау, сонымен қатар кәсіптік қауіпсіздік және денсаулық жүйесіне қатысушы мүдделі тараптарды өндірістік рисктер туралы ақпаратпен уақтылы және толық қамтамасыз ету;
- кәсіптік қауіпсіздік және денсаулық жүйесінің тиімділігін бақылау және талаптарын сақтау бойынша тексерістер жүргізу.

10. Энергия үнемдеуші іс-шараларды тиімді басқаруды қамтамасыз ету:

- энергоменеджмент жүйесін әзірлеу, енгізу, жақсарту және өзектілігін сақтау үшін қажетті ресурстарды қамтамасыз ету;
- міндеттерді белгілеу, жауапкершіліктер мен міндеттерді бөлу, сонымен қатар энергоменеджмент жүйесінің нәтижелі жұмыс жасауына мүмкіндік беру үшін өкілеттікті табыстау;
- құрылымдық бөлімшелердің арасында энергияны үнемдеу жөніндегі іс-шараларды басқару бойынша өкілеттіктерді бөлу;
- энергия тиімділігін бағалау әдісін әзірлеу және бағалау жүргізу немесе апробациялау;
- энергия үнемдеу шараларын бағалау уақтылы анықтау, энергия қолдануды төмендету бойынша іс-шараларды әзірлеу және орындау, сонымен қатар энергоменеджмент жүйесінің барлық мүдделі қатысушыларын энергия үнемдеу туралы ақпаратпен уақтылы және толық қамтамасыз ету;
- энергоменеджмент жүйесінің тиімділігін бақылау және талаптарын сақтау бойынша тексерістер жүргізу.

Білім берудің жоғары сапасы келесі принциптер негізінде қамтамасыз етілуі тиіс:

- білім берудің жаңа технологияларын қолдану;
- білім беру қызметін ұсынуда кешенді тәсілді қолдану;
- білім алушыларды терең даярлау және жеке тұлға ретінде дамыту;
- қазіргі ғылыми зерттеулер мен оқу процесін интеграциялау;
- еңбек нарығының ағымдағы және перспективалық сұранысына қарай бейімделу;
- ғылыми қызметкерлер мен педагог кадрлардың жоғары кәсіптік деңгейі;
- білім беру қызметінің сапасы туралы мәселелерді жүйелі тәсілдермен шешу;
- білім беру сапасын жақсарту жұмысына оқытушыларды, қызметкерлер мен студенттерді белсенді түрде қатыстыру және оларды ынталандыру;
- университеттің іскери серіктестерінің жоғары сеніміне ие болу және өзара тиімді ынтымақтастыққа жол ашу;
- Астана қаласының клиникаларымен өзара тиімді ынтымақтастық орнату.

«Астана медицина университеті» АҚ басшылығы менеджменттің интеграцияланған жүйесі саласындағы саясатты жүзеге асыру жауапкершілігін және саясаттың дұрыстығы мен жарамдылығына үнемі талдау жасау жауапкершілігін өз мойнына алады.

«Астана медицина университеті» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген
«12» желтоқсан 2014 ж., хаттама №48.

